

Timur Apendiyev

National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-4279-3921

Political and social situation of Germans in the South of Kazakhstan during the First World War

Abstract. At the beginning of the twentieth century, the South Kazakhstan region, namely Aulieata and Shymkent (Chernyaev) districts, was one of the main German settlements. These areas, which belong to the Syrdarya region of the Turkestan region, have been inhabited by Germans since the last quarter of the 19th century and are considered to be one of the main European ethnic groups. The Germans interacted with the local population and contributed to the development of ethno-demographic processes in the region. However, the development of such processes and the political and social life of the Germans had a negative impact on the First World War. At the beginning of the twentieth century, this war, which was a major international factor, created a great war between the empires, and it also divided the peoples. From the first days of the First World War, 1914-1918, relations between the Russian Empire and Germany were at war. This situation changed the political life of the Germans and the German community living in the Russian Empire. Such changes took place especially in the lives of German settlers in the European part of the empire. His main examples were the military persecution of Germans, the stigmatization of Germans in society, the establishment of chauvinistic attitudes among ethnic groups, and similar factors. In Russia, local Germans have been labeled "internal enemies." The fate of German communities in all regions of the Russian Empire was closely monitored in 1914-1918, and in general, since 1914, the fate of the Germans has been very constructive. At the same time, there is a legitimate question as to whether the situation in the Turkestan region is the same as in other regions of the Russian Empire. Similarly, the article raises questions about the situation of Germans in Shymkent and Aulieata districts of the Syrdarya region, and seeks answers in this regard. The article examines the political situation and social life of Germans in the South Kazakhstan region during the First World War. The main task of the article is to show the life of local Germans and their place in society. In addition, the political and social history of other peoples in the region will be considered.

Keywords: Germans, South Kazakhstan, World War I, People, Social life.

Cite this article as: Apendiyev T., (2020). Birinshii duniezhusilik sogys zhildarinda Ongtustik Kazakhstandagy Nemisterding saiasi-fleuettik akhualy [Political and social situation of Germans in South of Kazakhstan during the First World War]. Challenges of Science. Issue III, p.: 96-104. <https://doi.org/10.31643/2020.014>

Әпендиев Т.Ә.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: timur.apendiev@mail.ru

ORCID ID 0000-0002-4279-3921

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстандағы Немістердің саяси-әлеуметтік ахуалы

Абстракт. XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан өңірі, дәлірек айтқанда, Әулиеата және Шымкент (Черняев) уезі немістер келіп қоныстанған негізгі аймақтардың бірі саналды. Түркістан өлкесінің Сырдария облысына қараған бұл аймақтарда немістер XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап қоныстанған олар мұндағы негізгі еуропалық этностардың бірі саналды. Немістер жергілікті халықтармен араласып, аймақта этнодемографиялық үдерістердің дамуына ықпал етті. Алайда осындай үдерістердің дамуына және немістердің саяси-әлеуметтік өміріне Бірінші Дүниежүзілік соғыс теріс әсер тигізді. XX ғасырдың басында аса ірі

халықаралық фактор саналған бұл соғыс империялар арасында үлкен соғыс жағдайын тудырып, халықтар арасына да іріткі салды. 1914-1918 жылдары болып өткен Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күндерінен бастап, Ресей империясы мен Германия арасындағы қарым-қатынас ашық соғыс жағдайында өтті. Бұл жағдай Ресей империясының құрамында өмір сүріп жатқан немістер мен неміс қауымдастығының саяси өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Мұндай өзгерістер әсіресе империяның еуропалық бөлігіндегі неміс қоныстанушыларының өмірінде кеңінен орын алды. Оның басты мысалдары немістердің әскери қудалауға ұшырау, қоғамда немістерге қырын қарау, этностар арасында шовинистік көзқарастың орнауы және осы сияқты факторлар арқылы сипатталды. Ресейде жергілікті, яғни ресейлік немістерге «ішкі жаудың» айдары тағылды. Ресей империясының барлық аймақтарында неміс қауымдастығының тағдыры 1914-1918 жылдары өте мұқият бақылауда болып, тұтастай алғанда 1914 жылдан бастап немістердің тағдырында сындарлы жағдай орын алды. Осы орайда, Түркістан өлкесінде де Ресей империясының басқа аймақтарындағы сияқты жағдай орын алды ма деген заңды сұрақ туындайтыны сөзсіз. Мақалада Сырдария облысының Шымкент және Әулиеата уездеріндегі немістер жағдайына қатысты мәселелердің жауабы іздестірілді. Сонымен қоса, Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі немістердің саяси жағдайы мен әлеуметтік өмірі зерттеледі. Жергілікті жерде өмір сүрген немістердің тұрмысы, тіршілігі және олардың қоғамдағы орнын көрсету мақаланың басты міндеттері саналады. Сондай-ақ, аймақтағы өзге де халықтардың саяси-әлеуметтік тарихы қарастырылады.

Түйін сөздер: немістер, Оңтүстік Қазақстан, Бірінші Дүниежүзілік соғыс, халық, әлеуметтік өмір.

Кіріспе. XIX ғасырдың соңғы ширегінде басталған Дала және Түркістан өлкесіне Ресей империясының ішкі аудандарынан немістердің көшіп келіп қоныстануы уақыт санап ерекше қарқын алды. Соның ішінде, Түркістан өлкесіне, қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарына немістердің өзге еуропалық халықтармен бірге келіп орналасуы – олардың санының артуына және жергілікті жерде халық болып орнығуына негіз қалады. Алайда, мұндай этнодемографиялық үдерістердің ықпалын тигізді. Оның басты мысалдары – Ресей империясының барлық аймақтарында орын алғаны сияқты Оңтүстік Қазақстанда өмір сүріп жатқан немістердің де саяси-әлеуметтік өмірінде өзгерістер орын алды, немістердің қоғамдағы беделіне нұқсан келтірілді және т.б. Мұның себептері Ресей мен Германияның бір-біріне қарсы соғысуы болды. Екі империя соғыстың негізгі қатысушысы болып, ол тек мемлекет пен қоғам өміріне емес, сонымен бірге халықтардың тағдырына, оның ішінде әлеуметтік өміріне, демографиялық жағдайына әсер етті, сондай-ақ Германиядан соғыс тұтқындары әкелінді, олар Түркістан өлкесіне қоныстандырды және майданға адам алынды.

Материалдар және әдістер. Ғылыми жұмысты жазуда отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары айналымға енгізілді. Ғылыми мақаланы жазуда, архив қорлары мен құжаттар жинақтарының материалдары ғылыми айналымға енгізілді. Ғылыми зерттеуді жүргізуде тарих ғылымының дәстүрлі тарихи-салыстырмалылық, тарихи жүйелеу әдістері қолданылды. Сондай-ақ, теориялық және методологиялық негізі ретінде, тарихи оқиғаларды баяндау кезінде саяси тарихи үдерістерді қарастыруда тарих ғылымының заманауи және қосалқы әдістері қолданылды. Мұндай әдістер Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында Түркістан өлкесі мен Оңтүстік Қазақстан жерінде өмір сүрген немістердің саяси және әлеуметтік өмірін зерттеуге, аймаққа өз еркімен келіп қоныстанған немістердің тағдырын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысын жазуда қазіргі кезде отандық және дүниежүзілік тарихты зерттеудегі ғылыми принциптер мен көзқарастар негізге алынды. Аймақта өмір сүрген немістердің әлеуметтік тарихы мен олардың тағдырын сараптауда, саяси-тарихи факторларды анықтауда шынайылық, бейтараптық, жан-жақтылық, объективтілік көзқарастар мен ұстанымдар басты назарда болды.

НЕГІЗІ БӨЛІМ

Соғыс қарсаңындағы ахуал

Бірінші дүниежүзілік соғыстан бұрын ірілі-ұсақты қалаларда неміс қоныс аударушыларының ұлттық қауымдастықтары қалыптасты. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қазақстан аумағына немістер Ресейдің түрлі аудандарынан қоныстанған болса, Бірінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға Ресейдің еуропалық бөлігімен қатар Германиядан, Австро-Венгриядан қоныс аударылған халық топтарының қоныстану қимылдары жүрді. Бұған дейінгі кезеңде басталған неміс отбасыларының аумаққа тікелей көшіп келуі қарқынды жүргізілді. Соғыстың алдындағы жылдары немістер Қазақстанның барлық географиялық кеңістігіндегі орталық облыстар мен уездеріне барынша шашырай қоныстанды. Бұл жағдай Қазақстан мен Орта Азиядағы немістердің этноәлеуметтік бейнесін Ресей түкпірлеріндегі немістердің әлеуметтік келбетінен ерекшелендірді.

Айта кетерлігі, XIX ғасырда немістер Түркістанға көптеп қоныстанған болса, жаңа ғасырдың басынан бастап, және соғыстың алдындағы жылдары немістер дала өлкесінің облыстарына көптеп орналаса бастады. Мұны зерттеушілер әртүрлі жағдайлар арқылы түсіндіреді. Оның бірқатар себептері

болды, біріншіден, Түркістанда, қазіргі Оңтүстік Қазақстанда мұсылман дінін ұстанушылар басым болып, олар католик дінін берік ұстанатын немістердің орналасуына біраз кедергі келтірді деп саналды. Екіншіден, аймақта жергілікті халық арасында орыс тілінің әлсіз болуы, керісінше Далалық облыстарда орыс тілінің кең тарауы немістерді осы аймақтарда тұруға ықпал етті. 1901-1910 жж. кезеңінде немістер солтүстік батыста 30 шағын елдімекенге қоныс тепті, ал орталығында және неміс қоныстанушыларының ең көп бөлігі орналасқан солтүстік-шығыс аумақта (Торғай облысының, солтүстік уездер, Ақмола және Семей облыстары) немістер өте көп шоғырланды [1, 160-165 б.].

Соғысқа дейінгі кезеңде Сырдария облысы мен Түркістанның басқа да уездерінде немістердің әлеуметтік өмірінде Ресей империясында Столыпіндік реформаның ықпалы аса жоғары болғанын ескерген жөн. Осы реформаның бекітілген шарттары мен талаптары немістерді алдағы кезде орын алатын саяси-әлеуметтік өмірге бейімдегендей болды. Столыпіндік аграрлық реформаны жүзеге асыру кезінен бастап Қазақстанға және Орта Азияға немістердің көші-қон қозғалысы тез өсіпкі сипат алған болатын. Соғыс басталғанға дейін немістердің және мигранттардың үш негізгі ірі ағыны белгілі болды. Олардың ішіндегі ең үлкені Волга жағалауындағы неміс аудандарынан келгендер болды, екінші бір бөлігі Ресей империясының оңтүстігіндегі Қаратөңіз аймақтарынан, ал үшіншісі ең кеші және аз саналған бөлігі Волынь аумағы мен өзге губерниялардан келгендер еді.

Ресейдің еуропалық бөлігінен және батыс елдерінен Қазақстан мен Орта Азияға келген немістердің көші-қон қозғалысы негізінен Ресей империясының батыс аймақтарынан тартылды. Бұл негізінен аграрлық саладағы саясатпен байланысты болды. Батыс аудандарынан келген немістер Қазақстанның далалы аймақтары мен Оңтүстіктегі егістікке жарамды жерлерін кең көлемде игеру жоспарына қарай бағыттталып, ол немістердің соғыс қарсаңындағы көші-қон үдерісінің маңызды бөлігі болып саналды. Бұл алдымен Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі шалғай аумақтарын игерумен және жаппай қоныстанумен қатар жүрді. Көші-қон жүйесіне немістердің көші, олардың басты факторлары, көшуге қатысты мақсат пен нақты жоспарлар, тұрмыстық жағдайлары, оған ықпал ететін мемлекеттік мекемелер немесе түрлі деңгейдегі көші-қон тәртіптерін қадағалаушы органдар басты мемлекеттің басты назарында болды [2, 110-113 б.].

Немістерді Қазақстанның оңтүстік және басқа да аймақтарына қоныстандырудың әдіс-тәсілдері мен механизмдері, жергілікті жердегі көші-қон қоғамдастарымен байланыстары жөнінде зерттеген ғалымдар олардың әлеуметтік тарихын зерттеуге де талпыныс жасаған. Біздің ойымызша, немістердің көші-қон табиғатының белгіленген құрылымдық күрделілігін ескере отырып, бұрынғы көші-қон жүйелерін жекелеген қоныстану түрлерін бөліп көрсеткен жөн. Бұл Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Ресей империясының орталық аудандарындағы немістердің көші-қон қозғалысына кең көлемді, жан-жақты сипаттама беруге мүмкіндік береді. Немістердің Ресей аумағына өз еркімен қоныс аударуы екі ғасырға жуық уақытқа созылса, Ресейден Қазақстан аумағына ерікті түрде қоныс аударуы 20-30 жылдай уақытты, яғни XIX ғасырдың аяғы мен бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтыды. Қоныс аударған шаруалар мен шеберлер арасында аты-жөні немісше адамдар көбейе түсті [18-29].

Салыстырмалы түрде алғанда алғашқыда немістер Оңтүстік Қазақстанға көптеп келгенімен, соғыс қарсаңында немістер далалық облыстарға көптеп қоныстанды. Оның өзіндік өсім динамикасы қалыптасты. Жалпы мәліметтер бойынша Ақмола және Семей облыстарында неміс шаруалары келгенде 106 қоныс құрылған [2, 114 б.]. Қазақстанның басқа аймақтарында немістер аз кездесті. Мысалы Жетісу облысында бірде-бір неміс ауылы құрылмады. Тарихшы В.Э. Кригердің көрсетуі бойынша Бірінші Дүниежүзілік соғыстың қарсаңында қазіргі Қазақстан аумағында неміс халқының жалпы санының абсолюттік тұрғыдан ұлғаюы Ақмола облысында белгіленді – 31248 адам, Торғайда – 11633, Семейде – 6900 және Сырдарияда – 5.741 адам есепке алынған еді [3, 61 б.].

Бірінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында Қазақстанда неміс халқының аймақтар бойынша есептегендегі жалпы орташа саны 63 мыңнан астам болды. Бұл 1897 жылғы жүргізілген санақ мәліметімен салыстырып қарағанда 9 есеге артқан. Қарастырылып отырған аймақ бойынша бұл этникалық топтардың жалпы халық саны 0,8%-ға жуық болды [4, 176-177 б.]. Ресей империясының 1897 жылғы алғашқы бүкілресейлік халық санағының материалдары ел аумағында жергілікті қалалық немістердің үлес салмағы бүкілресейлік урбанизацияланған елдегі неміс этностарының деңгейінен 7 пайызға артық екендігін көрсетті. Бұл Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азиядағы неміс диаспорасының этно-әлеуметтік бейнесін Ресей түкпірлеріндегі немістердің әлеуметтік келбетінен ерекшелендірді. Сондай-ақ аумаққа неміс қоныстанушыларының келуі өзінің бұрынғы сипатын сақтап қалды, соның салдарынан неміс қоныс аударушыларының түрлі әлеуметтік топтары Қазақстанда бір-бірімен географиялық сондай-ақ әлеуметтік кеңістік бойынша бөлінді [5, 79-80 б.].

Миграциялық үдерістер

Соғыс жылдарында немістердің әлеуметтік өмірі мен деңгейін көрсеткен келесі бір факторлардың бірі – миграциялық үдерістер болды. Бірінші Дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және соғыс барысында тек Оңтүстік емес, бүкіл Қазақстан мен Орта Азияда, яғни дала мен Түркістан өлкелерінде аса ірі миграциялық процестер орын алды. Соның негізгі бағыттарының бірі – немістердің Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға немістердің көшіп қонуы болды. Сондай-ақ миграцияның негізгі екі түрі болды. Оның біріншісі – ішкі миграция, яғни бір облыстан, екінші облысқа көшу болса, екіншісі аса ауқымды болып, ол сырттан немістердің Ресей мен оның Орта Азиядағы провинцияларына күштеп көшірілуі болды. Келесі бір аса ауқымды маңызды фактор – ол тұтқындар мен өз еркімен берілген адамдардың (подданные) Қазақстанға әкелінуі болды.

Осы тұста, алдымен Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында немістердің Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аудару процестеріне келсек, соғыстың жалпы неміс этносының Ресей империясының еуропалық және ішкі аудандарынан қазақ жеріне келуіне ықпалы өте зор болды. Соғыста жүріп жатқан іс-қимылдар Үштік одақтың әскери тұтқындарын отарлаушы империяның шикізат көзіне айналған Қазақстанға қарай ағылуынан күшейе түсті. Әскери тұтқындардың алғашқы топтарының ішінде немістер де болып, олар соғыс басталған алғашқы кезден бастап Қазақстанға жеткізіле бастады. Кайзерлік Германия мен Ресей империясының арасындағы соғыс күшейе түскен сайын, әскери тұтқындар саны арта түсті және Ресей армиясының Бас басқармасы ондаған мың немістер мен өзге де әскери тұтқындарды Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Әулиеата, [6, 20-22 б.] Шымкент уездеріне, Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстан аумағындағы өздеріне бағынышты әскери мекемелерге жібере бастайды. Сонымен бірге ондаған мың әскери тұтқындар Түркістан әскери округіне де жіберіліп орналастырылды [7].

Түркістанға келген тұтқындар арасында Германия мен Австро-Венгриядан келген немістер болып, олар Сырдария облысына, Ташкент маңы мен Әулиеата уездеріне жайғасты. Шымкент уезі мен Әулиеата уезінде жаңадан салынып жатқан құрылыс орындарына, зауыт пен цехтар құрылысына жұмысқа тартылды. Оларға қарсылас елдерден келген тұтқын болғандықтан алғашында ауыр жұмыстарға ақысыз тартылды. Алайда уақыт өте жергілікті жерде жұмыс істеу кішкене жеңіл бола бастады. Мұның барлығы жергілікті мұсылман халықтарының қазақ, өзбектер, т.б. аяушылық білдіріп, оларға адами тұрғыдан қолдау көрсетті. Жергілікті халықпен жақсы байланыста болған тұтқын немістер осындай қолдаудан соң жергілікті жерлерде тұрақтап қалды. Олардың көбі ауыл шаруашылығын жүргізуге, жеңіл өнеркәсіпке өте бейім болды.

Сонымен қатар, соғысқа дейінгі кезеңде, Қазақстанда Ресейден келуші немістерден бөлек шетелдік немістердің көші-қоны ерекше қарқын алған еді. Шетелдік немістер де өздерінің аздығына қарамастан, өз тіршілігінің қайнар көзін табу үшін Қазақстанның әртүрлі аймақтарына таралды. Олар негізінен облыстық және уездік қала орталықтарында қоныстанды [8]. Бұдан бөлек, урбанизацияланған Германия және Австро-Венгриядан келген немістерден құралған мигранттардың топтары Түркістанда, Жетісуда, Қостанайда, Павлодарда, Семейде және Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында ең көп неміс қоғамдастықтары өткен ғасырдан бері шоғырланған Қазақстанның оңтүстігіне қоныстануды ұйғарды [9]. Германия мен Австро-Венгриядан тікелей келгендер аумақтың далалық елді-мекендері мен Түркістан өлкесінде тұру құқығы туралы өтініштердің ең үлкен жиынтығымен өз бетінше танысуы ерікті мигранттардың басым бөлігінің сауатты және өз жеке мамандықтары болғанын айқындайды. Олардың негізгі бөлігі ұсақ коммерсанттар, инженерлер, артистер, дәрігерлер, фармацевттер, акробаттар, музыканттар және басқа да көптеген еркін мамандықтардың өкілдері қоныстануға өтініш білдірді.

Соғыс жылдарында 1897 жылғы санақпен салыстырмалы түрде қарағанда мигранттардың санынан үлкен өзгешелік байқалды. Ол кезде ресми түрде санақ жүргізілмегенімен, сол уақыттағы статистикалық материалдар мұны растайды. Халық санағынан 20 жыл уақыт өткен соң Қазақстанда өмір сүріп жатқан Ресей мен шетелдік немістердің саны көбіне шаруа мигранттардың есебінен артты. Оның нәтижесінде қалалық немістердің үлес салмағы 1897 жылмен салыстырғанда 19 пайызға төмендеп, 1914 жылы барлық алты облыстағы немістердің саны бойынша 11,4 пайызды құрады. Бұл жолы Оңтүстік Қазақстандағы немістердің үлкен бір бөлігін құрай алмағанымен, бұл аймақ немістердің негізгі шоғырланған аймақ ретінде сақталды және олардың арасында өз деңгейінде саяси-әлеуметтік үдерістер жүріп жатты.

Немістердің саяси және әлеуметтік өміріне байланысты соғыс жылдарында негізгі миграциялық толқындар Түркістанға қарағанда Дала облыстарында көптеп жүрді. Мұнда урбанизацияланған неміс этносы өкілдерінің абсолюттік саны аумақ бойынша тұтастай алғанда жергілікті әскери контингенттің санының артуы есебінен қатты өсіп, 9000-ға жуық адамды құрады.

Қалалық немістер бұл кезеңде бұрынғысынша, негізінен жаппай көші-қон жолымен қалыптасты. Олар Ресейдің еуропалық бөлігіндегі қалалардан – Дала өлкесіндегі қалаларға, оның ішінде көбінесе Омбы мен Орынборға көшті [10, 51-55 б.]. Сонымен бірге, Оңтүстікке, Орта Азияға, Ташкент сияқты ірі әкімшілік орталықтарға көшті. Оңтүстікте бұл кезде миграциялық үдерістер әлі де өте баяу дамыды. Неміс шаруалары барынша сирек ауылдан кетіп, халық көп қоныстанған елді мекендерге көшті. Соғыс кезінде мемлекеттегі саяси режимнің басты факторларының бірі осы немістердің ішкі миграциялық үдерістері болып саналады. Сырттай қарағанда немістердің ел ішінде көші-қон ағындары және жекеленген көші-қондар бұл кезде экономикалық сипатқа ие болды.

Соғыс жылдары Қазақстанға қоныс аударған және ішкі аудандардан бір-біріне жақын болу мақсатында қоныс аудару жағдайының негізгі себептері олардың дінімен байланысты болды. Жалпы, Оңтүстік Қазақстанға XIX ғасырда алғаш келген немістер негізінен дінді жақсы ұстанып, олар кей мәліметтерде жергілікті христиандар арасында дінді уағыздаушылар болып саналған еді. Соғыс жылдарында да немістер арасында діни фактор маңызды болды. Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударған немістердің діни ерекшеліктері үлкен болғаны әу бастан белгілі еді. Олар христиан дінінің үш бағытын, лютерандық, католик және меннониттік бағытын ұстанды. Оңтүстік Қазақстандағы немістердің үлкен бөлігі меннониттік бағытты ұстанды. Ал, XIX-XX ғасырлардың тоғысында Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанға 4556 лютеран мен 62 католик дінін ұстанатын немістер қоныс аударды. Осылайша немістерде ішкі миграцияның орын алуына діни ұстанымдардың орны мықты болды.

Дегенмен, соғыс кезінде немістердің діні түгіл, оларға ұлт ретінде жеккөрушіліктің салдарынан Қазақстандағы немістер арасында мәдени және конфессиялық оқшаулық орын алды. Бұл жағдай, Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде олардың қоныс аудару және бейімделу үрдісіне талдау жасау арқылы Қазақстан мен Орта Азияны қоныстанған немістердің өзекті мәселелерін сыни тұрғыдан ұғынуға ықпал етеді. Ұлттық және діни біртекті қауымдастықтар немістердің орналасуы мен әлеуметтік деңгейін анықтауға да мүмкіндік берді. Себебі, діни мен мәдениеті бір болған немістер ғана белгілі бір географиялық аумақта бірлесіп өмір сүре алды [11].

Немістердің саяси-әлеуметтік жағдайы

Немістердің әлеуметтік жағдайы әртүрлі деңгейде болғаны сияқты аймақтардағы немістердің де күнкөріс кәсіптері түрлі болды. XIX ғасырдың 80-жылдары Оңтүстік Қазақстан жеріндегі немістердің басым көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысқан болса, кейіннен бұл көрсеткішті Ақмола облысы иеленді. 1897 жылы және Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңде Ақмола облысында неміс қоныс аударушыларының жерін сатып алу науқаны басталды, олардың меншігінде 73,234 десятина 89 учаске жер болатын. Немістер арасында жеке азаматтар мен билік өкілдерінен жерді сатып алуға қауқары мол неміс азаматтары болды. Бұдан басқа да неміс кәсіпкерлері мұнда сатып алған жеріне көшіп-қонып өздерінің шаруашылық жұмыстарын жандандырды [12]. Көріп отырғанымыздай, соғыс қарсаңында немістердің жағдайы жоғары деңгейге жеткен. Бірақ соғыс факторы жағдайды өзгертіп жіберді.

Бірінші дүниежүзілік жылдарында Қазақстан мен Орта Азия, жалпы Ресей империясындағы немістердің әлеуметтік құрылымында өзгешеліктер пайда болды. Бұған соғыста Ресей империясы мен Герман империясының бір-біріне қарсы саяси-әскери блокта соғысуы болды. Атап өткеніміздей, соғыс жылдары Қазақстанға неміс әскери тұтқындары қоныс аударды. Бұған дейін немістер Ресейдің батыс, орталық және оңтүстік аудандарынан өз еркімен келіп қоныстанған болса, соғыс кезінде әскери тұтқындар зорлықпен көшірілді. Олардың қатарында әскери тұтқындар, соғыс кезінде қолға түскен жазықсыз адамдар және тағы да басқа себептермен тұтқынға түскендер болды. Соғыс жылдарында Қазақстанға күштеп жер аударылған немістердің әлеуметтік жағдайы жоғары болмады және олардың қазақстандық неміс қоғамындағы рөлі мен беделі төмен болды. Әскери тұтқындарды тек жекелеген жұмыстарға жегу туралы шешім қабылданып, және оларға неміс тілін үйретуге тиым салынғанымен, халық арасында бұл шешім толық қолдау тапқан жоқ. Қайта әскери тұтқындар мен жергілікті халық арасында сенімді қатынас орнай бастады.

Жергілікті немістер тұтқын солдаттардан соғыстың шын жағдайын сұрап білгісі келді және оларды өз ойларымен бөлісуге шақырды. Себебі, Қазақстанға бұған дейін көшіп келген немістерді өздерінің тарихи отанындағы саяси жағдай мен Германияның жалпы саяси-экономикалық ахуалы қатты қызықтырды [13]. Империялық билік Ресей мен Қазақстанға қоныс аударған немістерді барынша қоғам мен әлеуметтің ең төменгі сатысында ұстағысы келді. Бұл жағдай Ресей империясындағы немістердің әлеуметтік құрылымына ерекше әсер етті. Сонымен қатар, Ресей империясы мен Қазақстанда ілгеріден өмір сүріп жатқан немістердің сан жылдар бойы өсіп келе жатқан беделі мен абыройына нұқсан келтірді. Жергілікті халық арасында немістер мен жалпы Германияға деген ерекше,

нашар көзқарас қалыптасты [14]. Дегенмен, мұндай факторлар табиғаты мен болмысынан тіршілікке өте бейім болған немістердің қоғамдағы орны мен әлеуметтік жағдайына түбегейлі өзгерістер енгізе алмады. Өйткені, Германиядан соғыс тұтқындары ретінде келген немістердің Ресей мен Қазақстанда ғасырлар бойына өмір сүріп отырған байырғы немістермен ұрпақтық сабақтастығы жоқ еді.

1915 жылдан бастап немістерге қарсы заңдар күшейтіліп, оның негізгі бағыттарының бірі тілмен және білім берумен байланысты болды. Неміс тілінде оқытылатын кішігірім мектептер мен үйірмелер жабылды. Немістерге барлық халықтарға тән болғандай Білім министрлігінің талаптары бойынша орыс тілінде оқытылды және бұл оқыту тілі ретінде орыс тілін мойындағаннан кейін ғана жүзеге асырыла бастады. Тіркелмеген мектептер «құпия» болып саналды, олар қиян-кескі қарсылықтарға ұшырап, оларға орыс мұғалімдері жіберілді. Көбінесе бұл мұғалім мен тұрғындардың қақтығысына, немістердің мектептің бойкотына әкелді. Мұндай жағдайлар болашақта немістердің орыс тіліне бейімделуі қажеттігіне алып келді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және онымен байланысты озбырлығына қарсы елдегі неміс белсенді үгіт-насихат жұмыстары неміс бюргерлері мен шаруаларының қазақ даласына ерікті түрде экономикалық қоныстануына іс жүзінде кедергі қойды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ресейдің Азиялық бөлігіне көбіне Шығыстан Батысқа және Батыстан Шығыс бағыттарында немістерді негізінен мәжбүрлеп көшіру процесі орын алған еді. Көші-қонның бұл түрінің алғашқы нұсқасы «сенімсіз, тұтастай» топтардың және «жау мемлекеттен» шыққандарды Дала генерал-губернаторлығының аумағына күштеп көшіруді жүзеге асырды [15]. Империяның ресми әрекеті орталықтан және Ресейдің батыс губернияларынан Дала өлкесі мен Түркістан өлкесіне, оның ішіне қазіргі Оңтүстік Қазақстанға Германиядан және Австро-Венгриядан неміс әскери тұтқындарының үлкен топтарын жер-жерлерге орналасу түрінде жүзеге асырды.

Осылайша, барлық аймақтағы сияқты Оңтүстік Қазақстандағы немістердің әлеуметтік ахуалы әр кезеңге байланысты құбылып отырды. XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударып, қазақ жерінің әр түрлі аймақтарына орналасқан немістердің соғыс кезіндегі әлеуметтік ахуалы өз алдына жеке бір мәселені құрады. Қазақ жеріне келісімен-ақ өзінің тұрмыс-тіршілігі мен әлеуметтік жағдайын тіктеп алу үшін немістер түрлі тіршілік көзін іздеді, тапты және еңбектенді. Сонымен қатар олардың ішінде әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік топтарға жататын немістер де болды [16]. Бір сөзбен айтқанда немістер де өзара түрлі әлеуметтік топтарға жіктелді. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде, жоғарыда атап өткендей немістердің христиан дінінің лютерандық, меннониттік, евангелистік, адвентистік және басқа да бағыттарын берік ұстанып, оны насихаттаған немістердің әлеуметтік деңгейі жоғары болды. Қалған қарапайым немістердің күнкөріс негізі мен тіршілігі ауыл шаруашылығымен байланысты болды.

Дінді берік ұстанатын немістер негізінен Әулиеата уезінде көп болды. Бұл аймақтың халқы өте еңбекқор болып, олар өз тіршілігін ешқандай саяси-әлеуметтік кедергілерге қарамай жалғастыра берді. Бұған соғыс кезінде келіп қосылған немістер Қордай, Шу өзенінің оң жағасы, Қырғыз Алатауының солтүстік беткейлеріне қоныстанды. Жергілікті әкімшілік жаңадан келгендерді орналастыру мәселесін шешіп, осы мақсатта халықтан салық жинау арқылы қаржыландырылатын арнайы ұйымдар құрылды. Немістер соғыс қиындығын жергілікті халықпен бірге көріп, күнделікті тіршілік пен тұрмыста өздерінің зор тәжірибесін көрсетті. Немістер бұл аймақтарға, яғни Әулиеата жеріне XIX ғасырдың аяғынан бастап қоныстанған еді. Сондықтан, бұл аймақ олар үшін өте ыстық болып көрінетін еді [17, 534-535 б.]. Айта кетерлік басты ерекшеліктердің бірі, Оңтүстік Қазақстанда немістер бұрынғы кезден жеке-жеке ауыл болып, орыстардан немесе жергілікті халықтан бөлек тұратын. Алайда, соғыс жағдайы немістердің кез-келген елдімекенде өзге этностармен аралас-құралас өмір сүруіне алып келді. Бұл, біріншіден, немістерді жергілікті халықпен одан сайын жақындастырса, екіншіден, олар өздерінің саяси жағдайын осылай реттеуге тырысты, өйткені халық арасында немістер орыстармен араласып өмір сүргендіктен, оларға көп мән берілмеді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған шақта олардың орналасу жағдайы кеңіген еді. Ал олар қоныстанған елді-мекендер саны Қазақстандағы шаруаларды қоныстандырудың жалпы көлемінің өсуіне байланысты артып отырды. Столыпіннің аграрлық реформаларының негізгі ережелерін жүзеге асыру барысында неміс диаспорасы едәуір көбейіп, олар тіршіліктің сан түрлі көздерін ашуға тырысты. Оның ішінде ең негізгісі ауыл шаруашылығы мен соған қатысты ұсақ өндіріс жұмыстары болды. Немістердің мұндай тіршілігі мен сол мақсатта атқарған жұмыстары аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше рөл атқарды. Алайда, Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде жағдай аздап өзгере бастады. Бұрынғы бейберекет әрекеттер мен діни ұстанымдар азая бастады. Мемлекет басына большевиктер келіп, толық орныққан соң, бұл жағдай жергілікті халықпен бірге немістердің де әлеуметтік ахуалына әсер етті.

1917 жылы Ресей империясында Қазан төңкерісінің орын алуына байланысты Ресей соғыстан шығарылды. Билікке келген большевиктер бұрынғы империялық саясатты толығымен жойып, соның ішінде халықтарға қатысты заңдарға өзгеріс енгізіліп, немістер де өзге еуропалық халықтар сияқты кеңес халқы сияқты тең дәрежеде өмір сүре бастады. Бұл факторлар әсіресе тұтқын болып келген немістердің саяси-әлеуметтік өміріне оң ықпалын тигізді. Олар тіпті Қызыл Армия қатарына алынып, Азамат соғысына қатысты. Кеңестік төлқұжат алып, алдымен кеңестік Ресейдің, кейіннен Кеңестік Қазақстанның азаматы деген заңды атауды иеленді. Бірінші Дүниежүзілік соғыс Ресей үшін ерте аяқталып, онда большевиктердің үкімет басына келуі немістердің саяси және әлеуметтік өмірінде үлкен серпіліс болды.

Қорытынды. Бірінші дүниежүзілік соғыс көптеген халықтардың тағдырына өзінің кесірін тигізді. Оның ішінде әсіресе соғысушы елдердің халықтары ауыр сынды бастан өткізді. Империялық саясат соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстанда, Шымкент пен Әулиеата уездері және онымен іргелес жатқан аудандарда өмір сүрген немістердің тағдыры мен саяси-әлеуметтік өміріне ерекше ықпал етті. Зерттеу барысында негізгі екі бағыт анықталып, оның бірі Түркістан өлкесіне соғысқа дейін көшіп келген немістер мен екіншісі Австро-Венгрия мен Германияның соғыс тұтқындарының келуімен байланысты болып, қарастырылып отырған кезеңде олардың саяси-әлеуметтік өмірі елеулі өзгерістерге ұшырады. Дегенмен, соғысқа дейін келген немістерге қысым аса қатқыл болған жоқ. Олар ілгеріден Ресей империясының халқы саналып, сондай-ақ Оңтүстікте жергілікті халықпен тығыз араласып кеткен еді. Еуропалық соғыс майдандарынан жан сауғалап қашқан және тұтқынға түскен германиялық және австро-венгриялық немістер тұтқын саналып, келесі өмірін сонау алыс Түркістанда, оның ішінде Шымкент пен Әулиеата жерінде жалғастырды. Неміс тұтқындары алғашқыда ауыр жұмыстарға жегілгенімен, оларға кейіннен жеңілдік жасалды. Оның ең ірісі 1917 жылы Ресей империясындағы Қазан төңкерісіне байланысты барлық халықтарға жеңілдік беріліп, соның ішінде немістер де кеңес халқы саналды. Қаншама орын алған қиындықтарға қарамастан немістер жергілікті қазақтармен етене араласып, аймақтағы тең құқылы еуропалық этностардың біріне айналып, олардың тағдыры ұзақ жылдарға ұласты.

Мақалаға сілтеме: Әпендиев Т. Ә., (2020). Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Оңтүстік Қазақстандағы Немістердің саяси-әлеуметтік ахуалы. Challenges of Science. Issue III, p.: 96-104. <https://doi.org/10.31643/2020.014>

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1] Ерофеева И.В. Типы миграций немцев в Казахстан в дореволюционный период. // Миграционные процессы среди российских немцев: исторический аспект Материалы международной научной конференции. – Анапа, – 1997. – С. 159-172
- [2] Кригер В.Э. Немецкая переселенческая деревня Казахстана. (На рубеже XIX-XX веков). // Советские немцы. История и современность. Материалы всесоюзной научно-практической конференции. – Москва, 1990. – С. 110-115.
- [3] Кригер В.Э. Социально-экономическое развитие немецкой переселенческой деревни Казахстана (дореволюционный период). / Дисс. канд...истор. наук. – Алма-Ата – 1991. – 169 с.
- [4] Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма: 60-е годы XIX в. - 1917 г. – М.: Наука, 1986. – 242 с.
- [5] Лайгер М.П., Кригер В.Э. География расселения и социально-экономическая характеристика немецкого населения Казахстана в конце XIX века // Вестник АН КазССР. – 1988. – № 11. С. 79-81
- [6] Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. The Bulletin, 1(383), 218. – С. 225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- [7] ҚРОММ қ. 369 т. 1 і. 4842 п. 2.
- [8] ҚРОММ қ. 369 т. 1 і. 3270. п. 15.
- [9] ҚРОММ қ. 369 т. 1 і. 131. п. 1.
- [10] Тюлюлюкин Е.Ф. Российские немцы в истории Оренбуржья (конец XIX – XX вв.). – Оренбург: Пресса, 2006. 194 с.
- [11] Малиновский Л.В. Немцы в России и на Алтае. Популярно-исторические очерки. – Барнаул: Международный союз немецкой культуры, 1995. – 182 с.
- [12] ҚРОММ қ. 369 т. 1 і. 9487. п. 14.
- [13] ҚРОММ қ. 64 т. 1 і. 1282. п. 45.
- [14] ҚРОММ қ. 64 т. 1 і. 1282. п. 213.
- [15] ҚРОММ қ. 64 т. 1 і. 1348. п. 80-126.
- [16] ҚРОММ қ. 64 т. 1 і. 1282. п. 114-120

- [17] Apendiyev, T.A., Asylbekova, Z.M., Abdukadyrov, N.M., & Satov, E.Z. (2016). A historical picture of German resettlement to Kazakhstan (End of the 19th Century–Beginning of the 20th Century). Herald of the Russian Academy of Sciences, 86(6), – p. 534. – 536. <https://doi.org/10.1134/s1019331616060174>
- [18] Apendiyev T., (2020). Birinshi duiniezhuizilik sogys zildarinda aulie ata uezindegi Germaniya zhane Avstro-Vengria tutkyndary [During the first World War Germany and Austria –Hungary prisoners of the Aulie Ata county]. Challenges of Science. Issue III, p.: 83-90. <https://doi.org/10.31643/2020.012>
- [19] Apendiyev T.A. Abdukadyrov N.M.; Kubeyev R.D. History of German Diaspora in Kazakhstan in the Context of Migration System // Bulletin of the Georgian National Academy of Sciences. Volю 13, Issue 4, 2019, Pages 127-134
- [20] Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. The Bulletin, 1(383), 218–225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- [21] Akhmetova A., Toktaubay A., Kassymova G., Apendiyev T., (2020). Issledovaniye problemy formirovaniya dukhovno-nravstvennykh kachestv starsheklassnikov [Study of the problem of the formation of spiritual and moral qualities of high school students]. Challenges of Science. Issue III, p.: 76-82. <https://doi.org/10.31643/2020.011>
- [22] Apendiyev, T. A., Smagulov, B. K., Kozybayeva, M. M. (2019). Study of some subethnic and genealogical groups of Kazakhs in pre-revolutionary Russian historiography (XVIII – early XX century). The Bulletin, 6(382), 346–354. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.180>
- [23] Triyono, B.M., Mohib, N., Kassymova, G.K., Pratama, G.N.I.P., Adinda D., Arpentieva, M.R. (2020). The Profile Improvement of Vocational School Teachers’ Competencies. Vysshee obrazovanie v Rossii = Higher Education in Russia. Vol. 29, no. 2, pp. 151-158. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-2-151-158>
- [24] Gasanova R.R. Kassymova G.K., Arpentieva M.R., Pertiwi F. D., Duisenbayeva Sh. S., (2020). Individual educational trajectories in additional education of teachers. Challenges of Science. Issue III, p.: 59-68. <https://doi.org/10.31643/2020.009>
- [25] Kassymova, G.; Triyono, B.; Dossayeva, S.; Akhmetova, A. (2019). Cognitive competence and electronic learning. “Challenges of Science”. Issue II, 2019. Page 153-158. <https://doi.org/10.31643/2019.030>
- [26] Апендиев, Т. А., Асылбекова, Ж. М., Абдукадыров, Н. М., & Сатов, Е. Ж. (2016). Историческая картина переселения немцев в Казахстан (конец XIX – начало XX вв.). Вестник Российской Академии Наук, 86(12), 1154–1156. <https://doi.org/10.7868/s0869587316150019>
- [27] Apendiyev, T.A.; Zhandybaeva, S.S.; Tulebaev, T.A.; Abykenova, K.E. (2017). The Migration of Germans to Kazakhstan in the end of XIX –beginning XX century. Bylye Gody, Volume 44, Issue 2, 2 June 2017, Pages 568-575. <https://doi.org/10.13187/bg.2017.2.568>
- [28] Abdukadyrov N.M., Ibragimovna K.A., UaltayevaShow A.S., Apendiyev T. A., Satov E.Z. (2016), Historical picture of the German people migration to Kazakhstan (end of the XIX and the beginning of the XX centuries). Man In India, 96 (10): 4015-4026
- [29] Kudaibergenova A., Zhugenbayeva G., Apendiyev T., Chatybekova K., BissembayevaL., Aynagul K., Kymbat S. (2017). Influence of Migration Processes on Changing in the Ethnic Composition of the Population of Kazakhstan (End of the XIX – End of the XX Centuries), Man In India, 97 (2):47-64

References

- [1] Yerofeyeva I.V. Tipy migratsiy nemtsev v Kazakhstan v dorevolutsionnyy period. // Migratsionnyye protsessy sredi rossiyskikh nemtsev: istoricheskiy aspekt Materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii. – Anapa, – 1997. S. 159-172
- [2] Kriger V.E. Nemetskaya pereselencheskaya derevnya Kazakhstana. (Na rubezhe KHÍKH-KHKH vekov). // Sovetskiye nemtsy. Istoriya i sovremennost'. Materialy vsesoyuznoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. – Moskva. 1990. S. 110-115.
- [3] Kriger V.E. Sotsial'no-ekonomicheskoye razvitiye nemtskoy pereselencheskoy derevni Kazakhstana (dorevolutsionnyy period). / Diss. kand...istor. nauk. – Alma-Ata – 1991. – 169 s.
- [4] Bekmakanova N.Ye. Mnogonatsional'noye naseleniye Kazakhstana i Kirgizii v epokhu kapitalizma: 60-ye gody XIX v. - 1917 g. – M.: Nauka, 1986. – 242 s.
- [5] Layger M.P., Kriger V.E. Geografiya rasseleniya i sotsial'no-ekonomicheskaya kharakteristika nemetskogo naseleniya Kazakhstana v kontse XIX veka // Vestnik AN KazSSR. – 1988. – № 11. S. 79-81
- [6] Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. The Bulletin, 1(383), 218. – S. 225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- [7] K, ROMM k., 369 t. 1 í. 4842 p. 2.
- [8] K, ROMM k., 369. t. 1 í. 3270. p. 15.
- [9] K, ROMM k., 369. t. 1 í. 131. p. 1.
- [10] Tyulyulyukin Ye.F. Rossiyskiye nemtsy v istorii Orenburzh'ya (konets XIX – XX vv.). – Orenburg: Pressa, 2006. – 194 s.
- [11] Malinovskiy L.V. Nemtsy v Rossii i na Altaye. Populyarno-istoricheskiye ocherki. – Barnaul: Mezhdunarodnyy soyuz nemtskoy kul'tury, 1995. – 182 s.
- [12] K, ROMM k., 369. t. 1 í. 9487. p. 14.
- [13] K, ROMM k., 64. t. 1 í. 1282. p. 45.
- [14] K, ROMM k., 64. t. 1 í. 1282. p. 213.
- [15] K, ROMM k., 64. t. 1 í. 1348. p. 80-126.
- [16] K, ROMM k., 64. t. 1 í. 1282. p. 114-120
- [17] Apendiyev, T.A., Asylbekova, Z.M., Abdukadyrov, N.M., & Satov, E.Z. (2016). A historical picture of German resettlement to Kazakhstan (End of the 19th Century–Beginning of the 20th Century). Herald of the Russian Academy of Sciences, 86(6), – p. 534. – 536. <https://doi.org/10.1134/s1019331616060174>
- [18] Apendiyev T., (2020). Birinshi duiniezhuizilik sogys zildarinda aulie ata uezindegi Germaniya zhane Avstro-Vengria tutkyndary [During the first World War Germany and Austria –Hungary prisoners of the Aulie Ata county]. Challenges of Science. Issue III, p.: 83-90. <https://doi.org/10.31643/2020.012>
- [19] Apendiyev T.A. Abdukadyrov N.M.; Kubeyev R.D. History of German Diaspora in Kazakhstan in the Context of Migration System // Bulletin of the Georgian National Academy of Sciences. Volю 13, Issue 4, 2019, Pages 127-134

- [20] Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. *The Bulletin*, 1(383), 218–225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- [21] Akhmetova A., Toktaubay A., Kassymova G., Apendiyev T., (2020). Issledovaniye problemy formirovaniya dukhovno-nravstvennykh kachestv starshklassnikov [Study of the problem of the formation of spiritual and moral qualities of high school students]. *Challenges of Science. Issue III*, p.: 76-82. <https://doi.org/10.31643/2020.011>
- [22] Apendiyev, T. A., Smagulov, B. K., Kozybayeva, M. M. (2019). Study of some subethnic and genealogical groups of Kazakhs in pre-revolutionary Russian historiography (XVIII – early XX century). *The Bulletin*, 6(382), 346–354. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.180>
- [23] Triyono, B.M., Mohib, N., Kassymova, G.K., Pratama, G.N.I.P., Adinda D., Arpentieva, M.R. (2020). The Profile Improvement of Vocational School Teachers’ Competencies. *Vysshee obrazovanie v Rossii = Higher Education in Russia*. Vol. 29, no. 2, pp. 151-158. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-2-151-158>
- [24] Gasanova R.R. Kassymova G.K., Arpentieva M.R., Pertiwi F. D., Duisenbayeva Sh. S., (2020). Individual educational trajectories in additional education of teachers. *Challenges of Science. Issue III*, p.: 59-68. <https://doi.org/10.31643/2020.009>
- [25] Kassymova, G.; Triyono, B.; Dossayeva, S.; Akhmetova, A. (2019), Cognitive competence and electronic learning. “Challenges of Science”. Issue II, 2019. Page 153-158. <https://doi.org/10.31643/2019.030>
- [26] Apendiyev, T. A., Asylbekova, ZH. M., Abdukadyrov, N. M., & Satov, Ye. ZH. (2016). Istoricheskaya kartina pereseleniya nemtsev v Kazakhstan (konets XIX – nachalo KHKH vv.). *Vestnik Rossiyskoy Akademii Nauk*, 86(12), 1154–1156. <https://doi.org/10.7868/s0869587316150019>
- [27] Apendiyev, T.A.; Zhandybaeva, S.S.; Tulebaev, T.A.; Abykenova, K.E. (2017). The Migration of Germans to Kazakhstan in the end of XIX –beginning XX century. *Bylye Gody*, Volume 44, Issue 2, 2 June 2017, Pages 568-575. <https://doi.org/10.13187/bg.2017.2.568>
- [28] Abdukadyrov N.M., Ibragimovna K.A., UaltayevaShow A.S., Apendiyev T. A., Satov E.Z. (2016), Historical picture of the German people migration to Kazakhstan (end of the XIX and the beginning of the XX centuries). *Man In India*, 96 (10): 4015-4026
- [29] Kudaibergenova A., Zhugenbayeva G., Apendiyev T., Chatybekova K., BissembayevaL., Aynagul K., Kymbat S. (2017). Influence of Migration Processes on Changing in the Ethnic Composition of the Population of Kazakhstan (End of the XIX - End of the XX Centuries), *Man In India*, 97 (2):47-64